**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің «№3 Хромтау орта мектебі» КММ**

**Педагогтерді лауазымға тағайындау және лауазымнан босату комиссиясы отырысының №4 хаттамасы**

17 ақпан 2023 жыл
№3 Хромтау орта мектебі

Комиссия төрағасы: Казиева Н.С
Хатшы: Бітімбай А.С
Қатысқандар саны: 5

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Вожатый бос лауазымына тағайындау конкурсына түскен кандидаттар құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. **Казиева Н.С - комиссия төрағасы, директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына *( өзгерісі 2022ж.22.12. № 513)* 3-тарау «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібі»-нің 1-параграфы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындауға конкурс өткізу тәртібі» негізінде педагог-ұйымдастырушы және вожатый бос бірлігі бойынша бос орындарға 2023жылдың 7-15 ақпанында конкурс жарияланып, 1(бір ) өтініш пен құжаттар түсіп отыр.
Құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде конкурстық комиссия қабылданған кандидаттар құжаттарының "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 *( өзгерісі 2022ж.31.13. №121)* бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау керек.

Кандидаттар құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, аталған қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес бағалау парағына баллдар қойылып, есептеу жүргізіледі.Комиссияның шешімі осы бағалау парағында жинаған балл негізінде шығарылады.
Конкурсқа түскен педагогтар құжаттары:
2)Аблаева Зухра Русланқызы - вожатый лауазымына

**2.Кеукенова Г.Н - комиссия мүшесі, қамқоршылық кеңес төрағасы**

Комиссия "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 *( өзгерісі 2022ж.31.13. №121)* бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарының 3

тарауының 14 параграфы бойынша сәйкестігін тексеріп, кандидаттардың бағалау парағы қаралды.

Педагогтердің құжаттарын тексере келе төмендегі бағалау парағына қойған ұпай сандары бойынша құжаттар қайта тексеріліп комиссия мүшелері қорытынды ұпайлар қойды:

1) Аблаева Зухра Русланқызы- 6,5 балл

**2.Жақсылықызы Ү -комиссия мүшесі,кәсіподақ ұйымының мүшесі**

Конкурсқа қатысушы Аблаева Зухра Русланқызы білімі жоғары. Аталған маман 2020 жылы С.Баишев ат. Университеттің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша аяқтаған.Вожатый бос лауазымына үміткер.

Комиссия мүшелерінің тексерумін қойылған үміткердің жалпы- 6,5 балл

Өтініш білдірген педагогтың құжаттарын комиссия мүшелері қарай келе, жеке дауысқа сала отырып, комиссия шешім етті:

**ШЕШІМ:**

1. Конкурсқа қатысқан төмендегі педагог конкурстан «өтті» деп есептелсін және бос орынға тағайындауға ұсынылсын.

1) Аблаева Зухра Русланқызы - вожатый

Комиссия төрағасы: Казиева Н.С

Комиссия мүшелері: Абилов К.К

Кеукенова Г.Н

Мусина Г.А

Жақсылықызы Ү

Хатшы: Бітімбай А.С